

ҚАБЫЛДАНДЫ:
Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 40 бөбекжай-бақшасы»
Педагогикалық кеңесте
№ 1 хаттама
«29 » тамыз 2024 жылдан

БЕКІТЕМІН:
Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
КМҚК № 40 бөбекжай-бақшасы» КМҚК
менгерушісі
Абитова В.А.



Бракераж комиссиясы туралы ереже

"№40 балабақша"

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Балаларды тамақтандыруды ұйымдастыруды, жеткізілетін өнімдердің сапасын және санитарлық - гигиеналық талаптарды сақтауды сапалы және жүйелі бақылауды жүзеге асыру мақсатында МДҰ-ға тамақ дайындау және тарату кезінде бракераж комиссиясы құрылады және жұмыс істейді.
- 1.2. Бракераж комиссиясы әкімшілікпен, ата-аналар комитетімен тығыз байланыста жұмыс істейді.
- 1.3. Ас блогында дайындалған барлық тағамдар мен аспаздық бұйымдар дайын болған жағдайда міндетті бракеражға жатады. Азық-түлікті бракераждау әрбір жаңадан дайындалған партияның жіберілуі басталғанға дейін жүргізіледі.
- 1.4. Мекемеде бракераж журналдары бар:
 - Дайын аспаздық өнімдердің бракераж журналы;
 - Келіп түсетін азық-түлік шикізатын бракераждау журналы.
- 1.5. Бракераж журналдары нөмірленіп, тігіліп, мекеменің мөрімен бекітілуі керек.
- 1.6. Бракераж журналы медбикеде сақталады.
Келіп түсетін азық-түлік шикізатын бракераждау журналы қоймада сақталады және азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің түсуіне қарай қоймашы толтырады.

2. БРАКЕРАЖ КОМИССИЯСЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРАМЫ

- 2.1 Ыдыс-аяқ пен дайын аспаздық өнімдерді бракераждауды бракераж комиссиясы жүргізеді.
- 2.2. Бракераж комиссиясы оқу жылының басына дейін МДҰ менгерушісінің бұйрығымен құрылады.
- 2.3. Бракераж комиссиясы 3-4 мүшеден тұрады. Комиссия құрамына:
 - МДҰ менгерушісі (комиссия төрағасы);
 - кәсіподақ комитетінің төрағасы;
 - медбике;
 - қоғамдық комиссияның өкілі.

3. КОМИССИЯНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

- Мектепке дейінгі ұйымның бракераж комиссиясы:
- азық-түлікті тасымалдау, жеткізу, түсіру кезінде санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.
 - азық-түлік өнімдерін сақтауға арналған қойма және басқа да үй-жайлардың жарамдылығын, сондай-ақ оларды сақтау шарттарын тексереді;
 - күн сайын мәзірдің дұрыс жасалуын қадағалайды;
 - ас блогындағы жұмысты ұйымдастыруды бақылайды;
 - тамақ өнімдерін өткізу мерзімдері мен тағам дайындау сапасын бақылауды жүзеге асырады;

- тағамның балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін тексереді;
- ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалайды;
- негізгі өнімдердің шығу кезінде күнделікті қатысады, тағамдардың шығуын тексереді;
- дайын тағамға органолептикалық бағалау жүргізеді, яғни оның түсін, иісін, дәмін, консистенциясын, қаттылығын, шырындылығын және т.б. анықтайды; өткізу әдістемесіне сәйкес, органолептикалық бағалау нәтижелерін "дайын өнімді бракеражда журналына" енгізе отырып, бағалауды комиссия мүшелерінің жеке қолдарымен куәландырады.
- қандай да бір бұзушылықтар анықталған жағдайда, ескертулердің себептерін жою бойынша қажетті шаралар қабылданғанға дейін топтарға дайын тамақ беруді тоқтата тұруға құқығы бар.
- дайындалған тағам көлемінің бір реттік порция көлеміне және балалар санына сәйкестігін тексереді.

4. БАЛАБАҚШАДА ТАМАҚТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ БАҒАЛАУ

4.1. Тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасын бағалау органолептикалық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі: дәмі; түсі мен иісі, сыртқы түрі мен консистенциясы. Осы көрсеткіштерге байланысты өнімдерге баға беріледі - "өте жақсы", "Жақсы", "Қанағаттанарлық", "Қанағаттанарлықсыз" (бұзылған)

4.2. Өнімнің сапасын бағалау оны сату басталғанға дейін бракераж журналына енгізіледі. Дайын тағамды беру сынама алынып, дайын тағамдарды бағалау нәтижелері бракераж журналына жазылғаннан және оларды беруге рұқсат етілгеннен кейін ғана жүргізіледі. Бұл жағдайда журналда диетаны емес, әр тағамның сынамасының нәтижесін атап өту керек. Қандай да бір бұзушылықтар, ескертулер анықталған жағдайда бракераж комиссиясы ескертулерді жою жөнінде қажетті шаралар қабылданғанға дейін топтарға дайын тамақ беруді тоқтата тұруға құқылы.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 5.1. Бракераж комиссиясының мүшелері ерікті негізде жұмыс істейді.
- 5.2. МДҰ әкімшілігі қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеген кезде не сыйлықақы беру кезінде бракераж комиссиясы мүшелерінің жұмысын ескеруге құқылы.
- 5.3. МДҰ әкімшілігі бракераж комиссиясының қызметіне жәрдемдесуге және комиссия анықтаған бұзушылықтар мен ескертулерді жою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті